

## Келелі кеңес

Кезекті ректорат мәжілісінде алғашқы болып сөз алған ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Серік Мұхамбетжанов V Фараби оқуларына дайындық туралы хабарлама жасады. V Халықаралық Фараби оқулары аясында мемлекет пен тұлғаны, қоғамды дамытудағы мәселелерді шешу үшін шетелдік және қазақстандық ғалымдардың күш-жігерін біріктіруге бағытталған ірі халықаралық ғылыми іс-шаралар жоспарлануда.

Жалғасы 2-бетте

## НАУРЫЗДЫҢ ЖӨН-ЖОРАЛҒЫЛАРЫ ХАҚЫНДА

Қазақстанда ресми түрде Наурыз 1988 жылдан бері тойланып келеді. Бұл мерекені Шығыс елдері Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Тәжікстан, Пәкістан ерте кезден өткізеді. Бұл мереке табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді. Наурыз – күн мен түннің теңелген күні. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-нен 22-не ауысқан түні болды. Осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады.

Көне деректер көзіне сүйенсек, наурыз тоғыз күн тойланады екен. Ол той «Наурызнама» деп аталады. Әдетте, наурызнаманы бай, ауқатты кісілер жасаған. Бірақ әр шаңырақ өзінше наурыз көже пісіріп, ақ толы аяғын босағадан атпағанның бәріне ұсынған. Ауыл ақсақалдары үй-үйден дәм татып, үйдегілерге ыдыспен сыбаға тасып жүрген. Ол сыбаға ішілместен бұрын қазанға құйылады. Бұл «Дәм-тұзымыз араласқан тату болайық» дегеннің белгісі.

Ұлыс келер түні Қызыр бабаға арналып әр үйдің төрінде қос шырақ жағылатын болған. Үй иелері бар ыдысты аққа, суға, «ырыстолсын» деп дөңге, «жауын-шашын көп болсын» деп бұлақ суына толтырады. Жылдың алғашқы күнінде қар жауса «ақша қар», жанбыр жауса «нұр жауды» деп шаттанған. Ертеректе ауыл адамдарын ұйқысынан тұрғызу үшін қолданылған мынадай қызық дәстүр болған. Жастар асау тайыншаны құрықтап, оған ерттелген ашамайға зор қуыршақты таңып байлап, ауыл ішіне бос жібереді. Мөңкіп тулаған асау ауылды азан-қазан етсе де, ешкім бұған өкпелемеген. Күлімдеп көрінген күнге сәлем беріп, шаруаға кіріседі. Наурыз күні көзі ашылған бұлақтың суы сарқылмайды, ал егілген талдың саясы мен жемісі мол болады деп сенген. Жаңа сап түзеген шыбықтарға ақ шашу да жақсы ырым.

Ұлыс – жақсы тілектер күні. Араздасқандар төс қағысып, татуласады.

Жалғасы 8-бетте

## НАУРЫЗ ТОЙЫ КЕЛГЕНДЕ



Түркі жұртының төл мерекесі Өз-Наурыз республика көлемінде тойланып жатыр. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамын тойлауды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті алғашқылардың бірі болып бастады. Жыл сайын ҚазҰУ қалашығының ұйымдастыруымен өтетін «Өз-Наурыз» мерекесі биыл да жалғасын тауып, ерекше сән-салтанатымен Наурыз тойының шымылдығын ашты. Ғасырға жуық кәрі империя құрығына түсіп, ұлттық болмыстан алшақтап кеткен қазаққа Наурыз тойының қайта оралғанына биыл – 30 жыл.

Самарқанның көк тасы еріп, барша тіршілік атаулы ұйқысынан оянатын жаңару мен жаңғыру кезеңі атанған Наурыз мейрамы – университет қалашығы студенттері асыға күтетін ерекше мереке. Жастар алаңына жиналған дүйім жұрт ақтан дәм татып, бір-бірімен арқа-жарқа әңгіме-дүкен құрысты. Көк тіреген зәулім ғимараттар арасына тігілген ақшанқан ақ үйлер қазақы санаға жылу ұялатып, ұлттық болмысымызды тағы да бір жаңғыртқандай болды. Кішігірім той дүбірі басталмай тұрып, шыққан күнмен таласа қазақы нақышта киінген оқытушылар, қызметкерлер мен студенттер бірі шаңырақ көтеріп, екіншісі уық қадап, қызу тіршілік басталды. Күллі қазақтың тіршілік ағысын бір арнаға тоғыстыратын қасиетті мерекенің де дйттеген мақсаты осы болар, бәлкім. Қыстаудан оралып, ағайын-туыс, дос-жаранмен амандық сұрасып, арқа-жарқа болатын шағы еді – бұл. Рас, бүгінгі заман – қыстау мен жайлаудың келмеске кетіп, қалалық мәдениеттің қарыштап дамып бара жатқан уағы.

Мерекелік шара ақсақалдың ақ батасымен ашылып, ақ жаулықты әжелер шашу шашты. Алқалы жиында сөз алған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Біздің халық үшін ең қастерлі ұғым ол – тәуелсіздік. Тәуелсіздіктің ғұмырын баянды болуы білімді әрі жігерлі жастардың қолында. Еліміздің Мәңгілік елге айналуы – Елбасымыздың басты мақсаттарының бірі. Ал мәңгілік елдің ұлттық құндылықтары да мәңгі болатыны ақиқат. Сондай ұлттық құндылықтарымыздың бірі – бүгін тойланып жатқан Наурыз мейрамы. Ұлыстың ұлы күні еліміз бен жеріміз үшін ырыс пен берекенің, бақыт пен тұрақтылықтың, жаңару мен жаңғырудың бастауы болғай», – деп, ақжарма тілегін білдірді.

Мерекеге жиналған қауым киіз үй төріне жайғасып, берекелі дастарханнан дәм татты. Ұлттық ойындар ойнатылып, казак эстрадасының жас жұлдыздары әуелете ән шырқады. Той үстінде ұлттық салт-дәстүріміздің бірі ретінде «Тұсаукесер» рәсімі де көрініс тапты. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов жас сәбиге ақ тілегін айтып, тұсауын кесті. Сонымен қатар студенттер арасында қол күресі, гир тасын көтеру, қазақша күрес сияқты ұлттық ойындар ойнатылды. Аталмыш мерекені ұйымдастырушы Студенттер қалашығының директоры Әбдіқаһар Сейітжанов: «Наурыз мейрамын студенттерге арнап биыл сегізінші рет өткізіп отырмыз. Мақсатымыз – оқытушылар мен студенттерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлау, ұлық мерекені ұлықтау әрі шетелдік студенттерге төл мерекемізді таныстыру. Наурыз мерекесі баршамамызға тек жақсылық әкелсін, ең бастысы, еліміз бен жерімізде тыныштық, ауызбіршілік, береке болсын! Бірлігі жарасқан елдің еңсесі де биік болады», – дейді.

Ұлттық мейрамды ұлықтау ұлттың ұлтжандылығын көрсетеді. Пікірін осылай бастаған ҚазҰУ-дың Жас ғалымдар үйінің директоры Сәуле Шамшина: «Біз Наурыз мейрамына ертерек қамданамыз. Тойға барша қызметкерлер атсалысып, аянып қалған жоқ. Бүгін барша қазулықтарға дәм ұсынып, ұлттық өнерімізді тамашаладық. Сайып келгенде, ұлттық мейрам рухы көтереді. Ұлтты ұлт ететін оның ұлттық болмысы, мәдениеті, дәстүрі деп ойлаймын. Рухы мықтылар ғана осыны ұстап қалады. Бұл тұрғыда ҚазҰУ ұлттық дәстүрді барынша ұлықтап, жастар жадына мықтап сіңіріп келеді», – деді.

Жалғасы 12-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

СОТРУДНИЧЕСТВО  
В МЕДИЦИНЕ




2-стр.

«ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ»  
ГАЗЕТІНІҢ «НАУРЫЗ КӨЖЕСІ»



6-7 беттер

ҚАЗАҚТЫҢ ТЕКТІ ЖІГІТ,  
АРЛЫ ҚЫЗЫ...



8-бет

# Сотрудничество в медицине

**КазНУ посетила делегация компании «Neo Institute of Medical Sciences and Technology LTD» (Индия) во главе с директором доктором Бурра Дивиа Сунитха Радж.**



на базе КазНУ. Двухстороннее сотрудничество позволяет казахстанским преподавателям и студентам повышать квалификацию, проходить стажировки и практику на базе корейских клиник при университетах. Сегодня в КазНУ создается медицинский кластер, планируется строительство собственной клиники и открытие совместного с одним из вузов Турции стоматологического центра.

Директор компании «Neo Institute of Medical Sciences and Technology LTD» рассказала о проблеме с нехваткой квалифицированных врачей в Индии и особо подчеркнула, что несмотря на наличие 340 медицинских вузов, выпускающих ежегодно

45 тыс. врачей, дефицит кадров остается животрепещущим вопросом. Она предложила провести летние школы, совместно работать по академической мобильности и осуществлять научно-исследовательские проекты.

Во время встречи доктор Бурра Дивиа Сунитха Радж выразила заинтересованность в обучении 250 индийских студентов на медицинском факультете КазНУ. По ее мнению, для получения качественных знаний и квалификации в университете есть все условия.

В ходе визита гости из Индии ознакомились с музеями и кампусом университета.

Пресс-служба

## ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ



**Медицина факультетінің эпидемиология және гигиена кафедрасы 24 наурыз – Дүниежүзілік туберкулезбен күресу күніне орай Алматы қаласының тұрғындары арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізді.**

Туберкулез жұқпасының алдын-алу шаралары туралы тұрғындардың қаншалықты хабардар екенін анықтау мақсатында «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының студенттері тұрғындар арасында сауалнама жүргізіп, сұрақтарына жауап беріп, ақпараттық парақшалардағы қысқаша хабарламаларды толық түсіндіріп берді.

Нәтижесінде тұрғындар жұқпалы аурудың берілу жолдары және жұқтырған жағдайда қандай алғашқы белгілері болатыны жайлы егжей-тегжейлі ақпаратқа қанық болды.

Мамандар ауру неғұрлым ертерек анықталса, соғұрлым құлан-таза айығып кетудің де мүмкіндігі мол. Сондықтан да жұқпалы аурумен күдіктенген жағдайда бірден ауруханаға барып, дәрігерлер көмегіне жүгіну қажеттігін алға тартты.

**А. ДАНИЯРОВА,**  
доцент м.а.

\*\*\*

**4 сәуірде «Фараби әлемі» форумы шеңберінде халықаралық катынастар факультетінде «Қазақстан мен Еуропалық Одақтың ынтымақтастығы: қазіргі таңдағы үрдістері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді.**

Аталмыш шара Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнатылуына 25 жыл толуына орай және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Еуропалық ақпараттық орталықтың 20 жылдығына арналған.

Мақсаты – Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелері, оның ішінде экономикалық, энергетикалық, саяси ынтымақтастық, көлік саласы, адам құқықтары, қауіпсіздік және тағы басқа салалардағы ынтымақтастық бойынша пікір алмасу болып табылады.

**Халықаралық катынастар факультеті**

\*\*\*

**Шығыстану факультеті, корейтану бөлімі «Шығыстану» мамандығының 4-курс студенті Айдана Самұратова «Шинхан Желі» командасының толыққанды мүшесі атанды.**

Оның «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ-да менеджер көмекшісі болып жұмыс атқарып жатқанына 8 ай болды. Бұл үздік деп танылған студентке берілген арнайы мүмкіндік.

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ көптеген жылдар бойы кафедраның тұрақты серіктестерінің бірі болып табылады. Бұл ұйым жыл сайын кафедраның әлеуметтік қорғалмаған топтар контингентінің арасынан ең көрнекті алты білімгерді шәкіртақымен қамтамасыз етеді.

**Шығыстану факультеті**

## РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

«ҚазҰУ-да сәуір айының 3-13 жұлдызы аралығында V Халықаралық Фараби оқулары өтеді. 2014 жылдан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әр түрлі бағыттағы өзекті ғылыми, саяси және әлеуметтік мәселелерді талқылайтын ашық алаң ретінде халықаралық Фараби оқуларын өткізуді дәстүрге айналдырған. Форум жұмысының негізгі бағыты рухани жаңғыру : ұлттық кодты сақтау мен дамыту болып табылады. 3-4 сәуір күндері «Әл-Фараби және қазіргі заман» V Халықаралық Фараби форумы. 4-13 сәуір аралығында факультеттердің халықаралық ғылыми конференциясы. 9-12 сәуір аралығында «Фараби әлемі» студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясы өтеді», – деді Серік Көпжасарұлы. Сонымен қатар ол ғылыми-техникалық іс-шаралар Оксфорд университеті (Ұлыбритания) және «Адам және биосфера» атты Ұлттық комитеттің ЮНЕСКО бағдарламасы, Алматы қаласындағы ЮНЕСКО-ның Кластерлік бюросы, ҚР-ғы БҰҰ ақпараттық бюросы, «Академиялық ықпалдастық» атты БҰҰ-ның Хаб бағдарламасы (UNAI) қатысуымен өтетіндігін тілге тиек етті.

Жиын барысында Қоғам және ұйымдармен байланыс жөніндегі қызмет басшысы Данара Қалиақпар «Әл-Фараби» республикалық олимпиадасының I-II кезеңінің қорытындылары туралы мағлұмат берді. «Әл-Фараби – 2018» олимпиадасының I-II кезеңі онлайн қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, 13 жалпы білім беру пәндері бойынша өткенін хабарлады. Үшінші айналымға 69 үміткер қатысады деп күтілуде.

Келесі кезекте сөз алған тарих, археология және этнология факультетінің кафедра



менгерушілері QS Subject Ranking бойынша жоспарланған тапсырмалардың орындалу барысына тоқталып, болашақта кафедраның белсенділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бар күш-жігерін салатынын айтты.

Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының менгерушісі Гүлмира Сұлтанғалиева «Тарих» мамандығы бойынша Ла Сапиенза (Италия) университетімен және «Мұрағаттану, құжаттану және құжатпен қамтамасыз ету» мамандығы бойынша Ресей гуманитарлық университетімен координаторлық

бағдарламалар жүзеге асырылып отырғандығын жеткізді. Сонымен қатар алдағы уақытта «Сорос-Қазақстан» қоры мен ТМД елдерінің жас мұрағатшыларымен бірігіп жазғы мектеп ұйымдастыру жоспарланып отырғандығын баяндады. Өзге де кафедра менгерушілері өз жетістіктері мен жоспарларын ортаға салып, ректорат мүшелері өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.

Акмарал ӘЛИЕВА

# Жастар қолдаған бастама



**Заманында Мағжан ақын өскелең ұрпақ пен білікті жастарға үлкен үмітпен қарап, қараңғы елдің болашағын сеніп тапсырды. «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қырағы – Мен жастарға сенемін» деген аталы сөздің ұлылығы бүгінгі күні еселеп артпаса, еш кеміген жоқ. «Ел болашағы – жастардың қолында» деген сөзді аға буын аузынан жиі естиміз. Әрине, бұл сөздің орынды екені анық та айқын. Ата-бабалар аңсаған тұғырлы Тәуелсіздікке еліміз қол жеткізіп, егеменді елдің еңселі ұрпағы өсіп-өркендеуде.**

үшінші бастама білім алып, білімдерін түрлі жоғары оқу орындарында жалғастырып жүрген студенттерді қолдауға арналған. «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» деген атау қойып, бұл бөлімді Елбасы арнайы жастардың жағдайына арнады. Бүгінгі таңда студенттердің біразы жатақханамен толық қамтылмағанын ескерте келіп, 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жаңа жатақхана

салуды үкімет басшыларына тапсырды.

Президенттің «бес әлеуметтік бастамасы» түрлі аймақтардың жастары мен студенттері арасында қызу талқылануда. Қоғамдағы бұл талқылауға ҚазҰУ жастары да үн қосып, қолдау білдірді. Наурыз айының 19 күні ҚазҰУ-дың белсенді де, білімді студенттері арасында «Елбасының 5 әлеуметтік бастамасын қолдау және оны талқылау» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Басқосуға ҚазҰУ жастарымен қатар БАҚ өкілдері қатысты. Шараны ашқан Жастар

ұйымдарының төрағасы Нұрсұлтан Болатұлы Елбасының бұл бастамасын қолдайтынын білдіріп, «ұлттық игіліктің нық бастауы» деп бағалады. Сөз тізгінін алған «Алтын сапа» интеллектуалды пікірсайыс клубының төрағасы Өтеген Төрежан Елбасының 5 әлеуметтік бастамасын саптап-саралап беріп, әр бастамаға жеке тоқталды. «Жетістікке жету жолын айқындап берген бастаманың жастар үшін маңызы зор», – деді ол. Дөңгелек үстелге жиналған жастар бастаманың түпкі түйінін түсініп, біраз мағлұматтарға қанықты.

Жастар қолдаған бастаманың берері мен көңіл қуантарлық нәтижесі мол болады деген сенімдеміз. «Ел болам десең, бесіңді түзе» деген дана халқымыздың ұлағатты ұрақтарының кез келген мемлекеттік оқиғаға бей-жай қарамай, өз көзқарастарын білдіруі еліміздің жастарының білім алудағы қарым-қауқарының күн санап өсіп келе жатқанын көрсетеді. Ел болып, жастар болып қолдаған саясаттың мығым елдің әлеуметтік хал-ахуалына қалай әсер етерін уақыт пен төккен тер көрсетері анық.

**Балым АБДУРАХМАН,**  
журналистика факультетінің  
1-курс студенті

## Тәжірибе алаңы

**Тарих, археология және этнология факультетінде дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының ұйымдастыруымен Солтүстік Джорджия университетінің (АҚШ) профессоры Мартин Блэквилдің тағылымды дәрісі өтті. Шараға факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы, докторанттар, магистранттар мен студенттер қатысты.**

Кездесуді жүргізген дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының менгерушісі Гүлмира Сәлімжанқызы шетелдік профессордың ғылым жолына шолу жасай келе, мұндай жүздесулердің ғылымсүйер қауымға аса қажетті екендігін тілге тиек етті.

Дәріс америкалық ғалым кітабы хақында өрбиді. Кітап соғыс жылдарындағы Киевтегі нацистік режим, сол кезеңдегі кеңесті қбилік пен қоғам арасындағы байланыстар жайын баяндайды. Мартин Блэквилл дәріс барысында соғыс жылдарында және соғыстан кейінгі жылдардағы ішкі істер халық комиссариатының қызметі жайлы: «Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Сталиннің ішкі істер халық комиссариаты Киевті «бірінші санатты қала» деп атады және соғыс аяқталғаннан кейін Киев әлі де осы екі жақтылықты сақтап қалды», – деп пікір білдірді.

Қатысушылар тарапынан тақырыпқа үлкен қызығушылық танытылып, оқытушылар мен студенттер көптеген сұрақтар қойды. Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры Гүлжауһар Көкебаева американды кәріптесіне алғыс білдіре отырып, нацистер оккупациядан кейінгі Киев орталығының қалпына келтірілуі, сонымен қатар, қала тұрғындарының ұлттық ерекшеліктеріне қатысты сұрақтар қойып, пікір алмасты.

Кездесу факультет оқытушылары мен студенттер үшін өте пайдалы болды. Шара соңында Мартин Блэквилл «Kyivas Regime City: The Return of Soviet Power after Nazi Occupation» атты кітабын факультетке сыйға тартты.

Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы

## Мастер-класс



**Изучив потребность и запросы со стороны врачей общей практики и педиатров, группой исследователей медицинского факультета и запроса со стороны Министерства здравоохранения РК была определена актуальность повышения знаний по вопросам дифференциальной диагностики и современных методов лечения детей по нескольким направлениям. Это – острые инфекции желудочно-кишечного тракта, детская гастроэнтерология-гепатология, хронические заболевания кишечника, срыгивание, отказ от пищи, диагностика неясных болей в животе, заболевания печени и поджелудочной железы, заболевания почек и мочевого тракта, врожденные патологии, аллергические заболевания у детей.**

В связи с актуальностью данной проблемы медицинский факультет совместно с МЗ РК провел международный мастер-класс на тему «Дифференциальная диагностика и современные методы лечения заболеваний у детей».

Согласно программе привлечения зарубежных специалистов, был заключен договор с Alliance destinations Sarl по привлечению зарубежных спикеров и организации международного австрийско-казахстанского мастер-класса. Так был оформлен в качестве визитинг-профессоров Dr. B. Bidmon и Dr. med. univ. D. Tscasich.

Dr. B. Bidmon, профессор отделения нефрологии, гастроэнтерологии и ревматологии детской клиники при главном госпитале Австрии, являющейся учебной клиникой Венского медицинского университета, со-руководитель частного педиатрического центра, лауреат американского гранта на лечение в университетской клинике в США, член Европейского научно-практического общества детской гастроэнтерологии, гепатологии и питания, специалист высокого уровня в области гастроэнтерологии и гепатологии.

Dr. med. univ. D. Tscasich, SACUT специалист. Сотрудник отделения педиатрической нефрологии и гастроэнтерологии в клинике для лечения детей и подростков, руководитель общего нефро-урологического амбуланта и SACUT (врожденные заболевания почек и мочевыводящих путей) – амбуланта.

Являясь уникальным специалистом, связывающим детскую нефрологию и детскую урологию, является членом австрийского и международного научно-практического сообщества детской нефрологии; австрийского сообщества детского и юношеского здоровья. Лауреат государственной научно-исследовательской стипендии 2015 года.

По окончании обучения были выданы сертификаты участникам международного мастер-класса на 56 часов, заверенные Университетской клиникой Венского медицинского университета и Казахским национальным университетом имени аль-Фараби.

**Айжан РАУШАНОВА,**  
и.о. доцента кафедры биомедстатистики и доказательной медицины

**Проректор КазНУ Аскар Хикметов вручил сертификаты осужденным, которые успешно прошли дистанционное обучение по пилотному проекту**

## Al-Farabi KazNU Aligns UNAI Universities of Almaty Initiating the Appeal to Participants of High-Level Meeting



**The United Nations Academic Impact (UNAI) is an initiative that aligns institutions of higher education with the UN in actively supporting and contributing to the realization of UN goals and mandates including the promotion and protection of human rights, access to education, sustainability and conflict resolution.**

The work of these institutions is vital to achieving the 17SDGs as they serve as incubators of new ideas, inventions and solutions to the many global challenges we face.

UNAI provides the integral link to these stakeholders to ensure that the international community harnesses the energy and innovation of young people and the research community in service to humanity.

There are over 1000 member institutions (University) in more than 120 countries which are members of UNAI.

Al-Farabi Kazakh National University is the leading university of the Republic of Kazakhstan and is rightly considered as the flagship of higher education in our country. In 2012, KazNU became the only participant of the United Nations program "Academic impact" among the Universities of Kazakhstan and Central Asia. Today the United Nations Academic Impact (UNAI) covers 23 members from Kazakhstan and 11 of them are located in Almaty. KazNU is maintaining its integrating position as a hub among the UNAI Universities.

The United Nations Regional Resource and Support Center based at International relations Department of al-Farabi KazNU is the University's essential tool in the implementation of the principles and objectives of the "Academic Impact" program.

The Center was established in 2012 at

International Relations Department of Al Farabi Kazakh National University in honor of the 20th anniversary of joining Kazakhstan to the United Nations in accordance with the Memorandum signed between the United Nations and the Republic of Kazakhstan on the Academic Impact Program. The initiative to create the center belongs to Akmaral Arystanbekova – Ambassador at Large, first Minister of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan after independence, Professor and the First Permanent Representative of Kazakhstan to the United Nations.

The Center is engaged in the popularization of the goals and objectives of the United Nations and al-Farabi Kazakh National University's mission. It works to be in the forefront of the key countries' and UN's events.

On February, 16, 2018 under the auspices of the UN Regional Resource Support Center of al-Farabi, KazNU with the promotion and support of the Representative Office of the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan in Almaty and the Department of Public Information of the United Nations in Almaty students and young scholars from UNAI have prepared an appeal to the participants of the high-level meeting "KAZAKHSTAN – UNITED NATIONS: EXPERIENCE, ACHIEVEMENTS AND PROSPECTS OF COOPERATION".

The high-level meeting was dedicated to the 25th anniversary of the opening of the first UN office in Kazakhstan. The participants of the conference were K. Abdrakhmanov, Foreign Minister of the Republic of Kazakhstan, B. Baibek, the Mayor of Almaty, Heads of the UN Agency in Kazakhstan, representatives of diplomatic corps, academic and expert community.

In their address to the meeting in 7 languages, they spoke of the UN's tremendous

contribution to the development of Kazakhstan, the role and contribution of our country to the sustainable development achievement, maintenance of peace and stability. The main message of the appeal of the young generation of UNAI universities is the role of education and academia on the way to realize the 17 Sustainable Development Goals of the UN and solving global problems. Recognizing themselves as part of the United Nations and realizing all responsibilities, the initiators of the appeal expressed hope and confidence that through joint efforts the goals and principles of the UN will be definitely achieved. The appeal in 7 languages was articulated by students of the UNAI participating universities:

Aizhan Toleukhan – Turan University (in Kazakh)

Mohammad Mahad – Suleyman Demirel University (Arabic)

Lina Zhunisbek – KazNU named after al-Farabi (in Chinese)

Dimash Zharylkasyn – NARKHOZ University (in English)

Alikhan Hasanay-QazUmoImYa named after Abylai Khan (in French)

Akbota Mambetova – KIMEP University (in Russian)

Shiringul Karimova – KazNU named after al-Farabi (in Spanish).

The high-level meeting participants highly appreciated the appeal of students and noted the specific role of al-Farabi KazNU in the process of implementing the "Academic impact" program goals.

**Leila DELOVAROVA,**  
UN Regional and Resource Support Center,  
International Relations Department,  
al-Farabi Kazakh National University

Prepared by A.A. MULDAGALIYEVA

### WORDS OF WISDOM ABOUT MAN AND HIS LIFE ACTIVITIES:

•The nature of man is intricate. Not much, I believe, is known about man. Not much, I believe, will ever be known about him. Man is a mysterious and complex being, and no amount of psychological research will ever solve the mystery or unravel the complexity. Gardner Murphy.

•By some happy fortuity( по счастливой случайности) man is a projector, a designer, a builder, a craftsman; his reward is not in the work as in the making; not so much in the prize as in the race.

• We may win when we lose, if we have done what we can and if some friendly critic say, " My friend, how good a job do you think you have made of it all?" we can answer, " I know as well as you that it is not of high quality, but I did put into it whatever I had .... ." Learner Hand.

•"We must live from day to day"- you will say-"to live is to act, and to act is to choose and decide". Learner Hand.

• One always has time to do what he wants to do. Salvador Dali.

• With great power comes great responsibility. Professor X.

• Behind every successful man is his woman. Behind the fall of a successful man is another woman...

• The first to apologize is the bravest.

The first to forgive is the strongest.

The first to forget is the happiest.

### STUDENTS SHOULD TAKE RESPONSIBILITY FOR THEIR LEARNING

The truth is that languages can only be "acquired", not taught. Human language is a physical skill like walking. Parents and schools did not "teach" you how to walk; you figured it out through trial and error. Language ability is the same; you did not learn how to speak your own language because your parents or teachers taught you about "subjects" and "predicates", "prefixes" and "suffixes" .

It is no secret that most students — no matter at which longitude or latitude they find themselves — are passive participants in their language classes. They see learning as the teacher's responsibility. These students expect their teacher to "deliver" the language, to magically transmit their knowledge and skill to them without them having to raise a finger. This is a false learning paradigm! In the world outside of school, any learning is generally a result of efforts taken by the learner himself. Students should always bear in mind that success in language learning is ultimately their own responsibility.

Of course, a teacher as a facilitator, motivator and content provider helps students to learn a foreign language. He can use various effective methods and techniques as fun games, interesting activities, team tasks and real situations to get students speaking and make learning an enjoyable process. From the very beginning a teacher should communicate to the students, telling them something like: Take language learning in your own hands. I am here to help, to facilitate, but you are the one who, in the end, have to make learning happen. Nobody can teach you a language. You and only you can learn a language.

In English there is a saying: You can lead a horse to water, but you can't make it drink".

A. MULDAGALIYEVA,  
A. TILEGENOVA

The University hosted the presentation of the book by Professor Martin Blackwell from University of North Georgia about the Nazi regime during war years

*Нам дана короткая жизнь,  
но память об отданной за благо  
дело жизни вечна.*

*Цицерон*

# СУДЬБЕ СЛОЖНО ПЕРЕЧИТЬ...

**На факультете химии и химической технологии Казахского национального университета имени аль-Фараби прошла III конференция студентов и молодых ученых «Химическая физика и наноматериалы», посвященная памяти основателя лаборатории вакуумных нанотехнологий Батыра Зулхаировича Мансурова.**



Он являлся одним из основателей научного журнала «Eurasian Chemical-Technological Journal», где публикуются научные материалы в области химии и химической технологии ученых Казахстана, ближнего и дальнего зарубежья. Журнал издается с 1999 года и на данный момент является единственным изданием на территории Республики Казахстан, входящим в базу данных Scopus и Thomson Reuter. «Eurasian Chemical-Technological Journal» распространяется на территории европейских и азиатских стран. Он способствует развитию науки Казахстана и помогает молодым ученым распространять свои труды для дальнейшего продвижения в глобальный научный мир.

«...что там такое, зажег спичку, ну и горит она сама по себе...» – говорили многие, – где здесь наука». Однако, как показали последующие исследования, пламя бывает и холодным, и в пламени может рождаться новый материал, отметил профессор З.А. Мансуров.

Заведующий кафедрой химической физики и материаловедения к.х.н. М.И. Тулепов выступил на тему «Стратегическое и научно-технологическое развитие кафедры химической физики и материаловедения», где затронулись основные проблемы науки, в частности, было отмечено, что главная причина неконкурентоспособности промышленности, неудач в интеграции ее с научным сектором – в недооценке необходимости усиления социальной направленности в управлении хозяйством, в пренебрежении роли человеческого фактора.

«Кроме того, новые экономические отношения неизбежно порождают естественный отбор, оставляющий на поверхности лишь тех, кто способен правильно понять, оценить и удовлетворить общественные потребности в инновационной деятельности», – отметил М.И. Тулепов.

Интересен был доклад доктора Ph.D, науч-

ного сотрудника лаборатории вакуумных нанотехнологий Г.Партизан на тему «Низко температурный синтез углеродных наноструктур на медных пленках», в докладе она отметила о роли Б.З. Мансурова в становлении лаборатории вакуумных нанотехнологий.

Среди постерных докладов вызвало интерес студентов сообщение о производстве углеродного полотна, или «леса». Данное полотно уникально тем, что нанотрубки, составляющие его основу, подобно шелковым нитям, имеют меньшую сопротивляемость. Они также являются супер проводниками электрического тока и в тоже время функционируют как поглотители. Кроме того, данная технология могла бы найти применение и в строительстве, например в виде «теплого пола». «Особенность разработки заключается в относительно невысокой себестоимости. Технология позволяет получать электропроводящий текстиль с заданными характеристиками и свойствами», – сказала одна из разработчиков докторант Ph.D Гаухар Смагулова.

Наука должна идти на встречу бизнесу, считает докторант Ш. Габдрашова, в частности на этапе развития казахстанской горнодобывающей отрасли особый интерес может проявиться к разработкам в области энергоёмких материалов. Работы докторанта Д. Байсейтова по разработке газо генерирующих патронов, работающих в режиме дефлаграционного

горения, вызвал значительный интерес с точки зрения использования их также в строительстве дорог и метрополитена.

В плане решения прикладных задач представляли интерес работы магистрантов и докторантов по нетрадиционному использованию нефти, угля и других сырьевых источников с получением продуктово-нефте-иуглекислотного синтеза.

На конференции присутствовали также представители кафедры физики твердого тела и нелинейной физики, школьники, ученики Назарбаев Интеллектуальной Школы.

Резолюцией проведенного мероприятия можно считать бесценный опыт, приобретенный молодыми учеными, докторантами и магистрантами КазНУ в рамках проведения дискуссии, совещания и передачи опыта.

Таким образом на конференции были представлены новаторство, нетрадиционное мышление, новые технологии молодых ученых. Взгляд со стороны, нетрадиционные технологии будут рождать новые проекты, новые идеи и технологии, что позволит с оптимизмом смотреть на молодежь и верить, что они внесут достойную лепту в развитие нашей индустрии, экономики и общества в целом.

**М.И. ТУЛЕПОВ,**

*заведующий кафедрой химической физики и материаловедения*



**По решению ЮНЕСКО, 2020-й год объявлен годом великого ученого мыслителя Востока Абу Насра аль-Фараби, который является уроженцем Турана. Акт международного значения инициирован в ознаменование 1150-летия со дня рождения великого тюркского философа. Соответствующее предложение было озвучено делегацией КазНУ имени аль-Фараби в феврале 2016 года в Стамбуле, в рамках форума «Альянса Цивилизаций» ООН (UNAOC), на заседании рабочей группы Координационного комитета Альянса. Предложение получило единогласное одобрение.**

## ГОД АЛЬ-ФАРАБИ – 2020

Дискурс философских трактатов аль-Фараби имеет место во всем мире. О нем написаны философские монографии, защищены диссертации. В целях большей популяризации многогранного творческого наследия Абу Насра Мухаммада аль-Фараби, одного из крупнейших исламских философов средневековья, нужны новые сценарии пьес, художественных фильмов, романы, тематические мобильные приложения. Цифровизация, о которой ныне не говорит только ленивый, окажет в этом начинании большую поддержку. Тогда во всем величии предстанет вклад скромного мыслителя из Отрара во всемирную интеллектуальную сокровищницу.

Увековечиванию образа великого Учителя в Казахстане уделяется большое внимание:

так, в городе Алматы с апреля 1975 года бывшая улица Водозаборная переименована была в проспект аль-Фараби (каз. Аль-Фараби даңғылы). В 2011 году Национальный банк Казахстана выпустил памятную золотую монету «Аль-Фараби» из серии «Портреты на банкнотах». С января 2015 года Указом Президента учреждены Государственные премии Республики Казахстан в области науки и техники, литературы и искусства имени аль-Фараби.

В рамках большой организационно-подготовительной работы к году аль-Фараби КазНУ (вуз в 1991 году удостоен имени знаменитого ученого) станет академическим аккумулятором мероприятий международного уровня. На сегодня, с участием КазНУ, в Турции открыт

Международный центр аль-Фараби при Научно-исследовательском центре «Альянса цивилизаций». Миссией Центра является популяризация и пропаганда идей и наследия великого мыслителя Востока.

С целью популяризации научного и духовно-нравственного наследия Учителя в нашем вузе ежегодно организуются ставшие традиционными, Фарабиевские чтения, издаются труды мыслителя и тематические альманахи. Визуализация образа философа немаловажна: изображение Фараби было на первой национальной валюте Независимого Казахстана. В нашем кампусе размещены его статуи: в центре и в холле библиотеки имени Аль-Фараби. Учащиеся общеобразовательных учреждений, студенты и молодые ученые республики могут по праву гордиться знаменитым земляком.

**Гюльнар МУКАНОВА,**

*к.и.н., доцент*

# «Қазақ университеті» газетінің

2011 жылдан бастап жыл басы Наурыз мейрамы шығыс әлемінде ғана емес, 200-ге тарта ел ұйысқан Біріккен ұлттар ұйымы шеңберінде тойланып келеді.

БҰҰ «Халықаралық Наурыз мерекесі» қарарын бір ауыздан қабылдап, 21 наурыз күнін әлемдік мереке ретінде белгілеп, оның бір ұлттың немесе мәдениеттің мерекесі ретінде ғана емес, бүкіл адамзат мұрасының құрамдас бір бөлігі екенін әлем алдында айшықтап берді. Ұлыстың ұлы күнін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жыл сайын өзіндік сән-салтанатымен, зор маңыздылықпен атап өтеді. Бұл жыл басын мол дастархан жайып, ерекше көңіл-күймен, жақсы ниетпен қарсы алсақ, жыл да жағымды жаңалықтарға, молшылыққа толы болады деген сенімді білдіреді.

ҚазҰУ-дың Ұлыстың ұлы күнін ұлықтауда және мәртебесін арттыруда талайларға үлгі болар өнегесі көп. Наурыз мейрамы – жаңа тіршіліктің бастауы ғана емес, ынтымақ пен достықтың, береке мен бірліктің, ұлтаралық татулық пен қарым-қатынастың мерекесі. Ал бұл халықаралық мейрамның ең бір есте қалатын рәмізді тұсы – наурыз көжеде екені белгілі.

Осы орайда «Қазақ университеті» газеті жыл сайын дәстүрлі түрде өз «наурыз көжесін» ұсынып келеді.

«Наурыз көже» дейтініміздің себебі, осы дәмге қосылуы тиіс жеті түрлі тағамның орнына жеті түрлі сұрақтың жауабын ұсынып отырмыз. Ал оны санада қорытып, нәрін алу оқырманның еншісінде.

## ЕТ ОРНЫНА

Кәкен Қамзин,  
журналистика факультетінің профессоры

### НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

–Наурыз – біздің ұлтымыздың ежелден келе жатқан мерекесі. Қанымызға, жанымызға сіңген жанару, жасару мейрамы. Бұл мерекені біздің ата-бабаларымыз, ата-аналарымыз тойлаған. Бұл мереке еш уақытта жадымыздан шыққан емес. Бұл халықтың өзі таңдап алған ұлттық мейрам, ол жасанды, жарлықпен бекітілген жоқ. Халықтың қадірлейтіні де сондықтан. Мереке қазақ

ақындарының шығармаларынан да кең көрініс тапқан. Мәселен, Мағжан Жұмабаевтың «Наурыз» өлеңі. Бұл мейрамды тойлаған кезде халықтың шығармашылығы, өнері көрінеді. Бір сөзбен айтқанда, халық барын салады. Әрине, кез келген мейрамның кемшіліктері мен жақсы жақтары болады. Біздің ұмытылған ата-бабаларымыздың хатқа түспеген жөн жосықтары да бар. Жылдың басы наурызды тойлағанда он екі айда ескеріп тойлау керек. Киіз үй тігу, ас жасау ол өз алдына. Шығармашылық, креативті жаналық енгізу, театрланған қойылымдар қою, ән-жыр, айтыс, көкпар, тұсауесу секілді шараларды қосу керек. Сондай-ақ, шешендік, билер сөзін жаңғырту да мейрам мәртебесін көтереді. Осындай бастауларға оралудың өзі бір жаңалық. Наурыз мейрамын Қазақстанда мекен ететін ұлттардың жалпы мейрамы ретінде санасына сіңіріп, ортақ мейрамға айналдыру керек.

## СУ ОРНЫНА

Гүлмария ОСПАНОВА,  
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы

### НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ТОЙЛАУ РӘСІМДЕРІНЕ ТОҚТАЛСАҢЫЗ

– Көне заманнан бүгінге дейін қаймағы бұзылмай келе жатқан қасиетті Наурыз мерекесі – барша түркі жұртының, соның ішінде қазақ халқының айрықша күтетін айтулы мейрамы. Көктемдік жанару мен жаңа жылдың бастауы болып саналатын бұл мейрамды халқымыз бүкіл ауыл-аймақ, ел болып, ақта-төк дастарқаны, ақ пейілімен қарсы алады. Халқымыз осы күні небір ойын-сауықтармен бірге өзіндік салт-дәстүрлерімізді де ұмытпаған. Мәселен, Наурыз мейрамында аталып өтілетін «Ұйқышар» дәстүрі қызыққа толы. Бұнда жас жігіттер ұнатқан қыздарына сөз салып, болашақ жарын іздейді. Ал қыздар жағы көңілі ауған «серісіне» емеурін білдіру үшін ең дәмді тамағын әзірлейді. Мұндай түнде шаршауды да білмейтін жігітке «Ұйқыңды аш!» деген сылтаумен «Ұйқышар» ұсынады. Ару тарапынан көрсетілген осындай қошеметке жігіт те бей-жай қарамай, «Селт еткізер» деген ниетпен әлгі аруға айна-тарақ, алқа-сырға, шолпы-шашбау сыйлайды. Осылайша, күн мен түннің теңелген шағында жігіт пен қыздың жүректері де табысып, отбасын құруға алғашқы қадам жасайды. Өзара реніші бар адамдар бұл күні өкпесін ұмытып, қайта табысады. Салт-дәстүрін ардақтаған халқымыз осындай мерейлі мерекеле ұлттық ойындарын да ұмытпай, оларға аса мән берген. «Ақсүйек», «Алтыбақан», «Қыз қуу», «Күміс ілу», «Жасырынбақ» тәрізді ойындар думанды күннің көркін одан әрі қыздырып, жиналған елдің көңіл-күйін көтерген.

Міне, күллі елдің басын бір жерге қосқан осынау Наурыз мерекесінен жайсаң елдің салт-дәстүрінің де өміршен екендігіне көз жеткіземіз. Ұлыстың ұлы күнінің ажырамас бір бөлігі саналатын әлемі салт-дәстүрлеріміздің тәлім-тәрбиелік маңызы, берер өнегесі қазіргі күнге дейін жойылмай келе жатқаны баршамызға мәлім. Олай болса, дәстүрін дәріптеген дана халқымыздың Өз-Наурыз мерекесі баршамызға құтты болсын!

## ТҰЗ ОРНЫНА

Айман БОРАНБАЕВА,  
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы

### НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНДЕ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?

–Бұл мереке өте ықылым замандардан бастау алады. Наурыз зороастризм дінінің ресми мерекесі ретінде Ахемен державасында ресми статуска ие болады. Бүгінгі таңда Парсы империясы мен парсы мәдениетінің ықпалында болған Алдыңғы Азия мен Орталық Азия халықтарында Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі қалыптасқан. 21наурыз – БҰҰ-ның арнайы қабылдаған қарары бойынша халықаралық Наурыз күні, Иран мен Ауғанстанда астрономиялық күнтізбе бойынша ресми түрде жаңа жылдың бірінші күні болып табылады. Наурыз Өзбекстан, Түркменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Қазақстан, Әзірбайжанда мемлекеттік мереке болып табылады. Сондай-ақ бұл мерекені Ресей Федерациясының Татарстан, Башқортстан, Дағыстан республикалары, Қытайдың Шығыс Түркістан, Үндістанның мұсылман аймақтары, Моңғолияның Баян Өлгей аймағының халқы, Ирактың күрдлер, Грузияның әзірбайжандар мекендеген бөліктері, Түркияда күрдлер, Еуропа құрлығында Македония, Албания, Босния мен Герцеговинаның мұсылмандары тойлайды.

Наурыздың шығу себебі белгісіз. Иран мифтеріне сүйенсек, Джәмшид патша замандық құдайы Ахриман және перілермен соғысып, оларды жеңеді. Хрусталыдан өзіне арба соғуға әмір етеді. Арба дайын болған кезде Ахриманды оған байлап, өзі де отырады. Дамаванд тауының басынан ұшып, Вавилонға барады. Халық бұл жеңіске таң қалып, фарвардин айының бірінші күні болған сол күнді «наурыз» яғни, «жаңа күн, жыл басы» деп атап тойлай бастайды. Көне иран аңыздарына сүйенсек, Наурызды тойлау рәсімі сол заманнан басталады екен. Наурыз күн мен түн теңескен сәттен, яғни, жердің күнді 365 күнде айналып біткен сәттен, нақты сағат, минут пен секундтан басталады. Сондықтан жаңа жылдың басталу уақытын Иран мен Ауғанстанда ғалымдар алдын-ала есептеп шығарып, үкімет халыққа жариялайды.

Иранда наурызға халық 1 ай бұрын дайындалады. Наурыз басталмас бұрын Иранның әртүрлі аймақтарында Хаджи Фируз немесе Ноурузхан, Ноурузнасер секілді Наурыз кейіпкерлері арнайы қызылды-жасылды киімдер мен бастарына шашақты биік бас киім киіп, Наурызды мадақтаған өлеңдер оқып, ән салып, би билеп, халықты көңіл көтеруге шақырып, жаңа жылдың жақындағанынан сүйінші әкеледі. Базарлар халыққа лық толады. Халық наурыздың алдында тамақтар сатып алады, моншаға барады, ыдысқа шөпті көктетеді, жаңа киімдер









# ҚАЗАҚТЫҢ ТЕКТИ ЖІГІТ, АРЛЫ ҚЫЗЫ...

## «Ұйқыашар» мен «Селтеткізер» салты жайында

**Б**ойына ар мен әдеби, намыс пен жігерін сіңіріп  
Боскен әрбір қазақ үшін күн мен түннің теңеліп,  
Самарқанның көк тасы жібитін, ақ түйенің қарыны  
жарылып, ұлан асыр той жасайтын, жұрт жақсылыққа  
кенелетін Ұлыстың ұлы күні бағзы уақыттан маңызды.  
Бірзығы мол, ырысы көп, көңілінің байыз тауып, ынта  
мен жігерің еселенетін елеулі күн жүрек түпкіріне  
мейірім сәулесін шашып, алысты жақын ететін  
жаңашылдықтың бастауы.

Наурыз айының 21-22 ауған түні қасиетті қара топырағымызға қыдырдың қуаты дарып, көңіл көгжиегіміздің кеңейетіні, аузымыз аққа тиіп, байыз табатынымыз хақ. Еңбектеген сәбиден, еңкейген қарияға дейін жанымызды тыныштық билеп, қуаныш пен шаттыққа бөленетініміз тағы бар. Әсте, қазақтың өмірінде ерекше маңызға ие мерекені жастар қауымы асыға, ынта-жігермен күтетіні жасырын емес. Себебі, бұл мезгіл тәрбиесі мен тәлімінен айырылмаған бойжеткендер мен бозбалалардың жүрек қылындағы нәзік сезімдерінің қозғаушысы іспеттес. Ескі күнтізбе бойынша 21 наурыз күні Ғашықтар күні есебінде болған.

Салтымызда ауыл жастары жиналып, ойын-сауық құрып, наурыз танын күткен деседі. Осы шақта, көңілі қалаған қыз баласына жігіттер тарапынан «Селтеткізер» салты жасалып, пәктік пен жастықтың, әдемілік пен нәзіктіктің, имандылық пен инабаттылықтың белгісі ретінде сый тарту етсе, серісінің сезімін қабылдағанын білдіру ниетінде арулар «Ұйқыашар» әзірлеп, бір-біріне ізеттілік танытқан. Әдетте, ерлер айна-тарақ, күміс жүзік пен иіс май сыйласа, қыздар соғымға қалған етті уызға пісіріп дайындаған. Екі жас осынау Ұлыстың ұлы күнінде мәңгі бірге болуға серттескен. Ал, дәл осы күні құрылған шаңырақ берік болады деген де пікірлер бар. Біздің заманымызда бұл дәстүр сәл кенжелеп қалғанымен, жастар тарапынан енді-енді қолдау тауып келе жатқанын байқауға болады. Соның көрінісі ретінде бірқатар студенттердің жағымды пікірлерін назарларыңызға ұсынамыз.



### Селтеткізер



**Бек БАЙТАС,**  
журналистика факультетінің  
1-курс студенті

Бойдақтық жүрек ерге жер тепкізіп,  
Ұйқы ашқан жігіттер серт өткізіп.  
Күн мен түн теңелгенде сөз айтам деп,  
Болашақ қалыңдығын селт еткізіп.

Сыйлық берер жас жігіт төкпеленіп,  
Тұрмаған соң себебі текке келіп.  
Жігері мен сөз айтатын Әз-Наурызда,  
Селт еткізер жігіттер сертке берік.



**Ақгүл АЙДАРБЕКОВА,**  
Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің 3-курс студенті

### САЛТЫМЫЗДЫ ЖАҢҒЫРТУДЫ ҚОЛДАЙМЫН

Ертеректе дүбірлі мерекеміз Наурыз қарсаңында қыз өзі ұнатқан жігітке өзінің бар ынтасымен «Ұйқыашар» тағамын әзірлеп бергенінен хабардармыз. Мұның қайтарымы ретінде жігіт жағы бағалы сыйлық жасап, көңіл білдірген. Екі жастың жарасуына жол ашып, көкіректегі бұр жарған сырлы сезімдердің ақтарылып, шынайы шер тарқатысатын кезеңін күн мен түннің тенелер шағымен тектен-текке астастырмаса керек. Осы шақта ғашық жүректер табысып, үлкен өмірге алғашқы қадам жасаған. Жақсылықтың нышанына айналған дәстүрдің іңкәрлікке негізделуінің өзінде астарлы ой мен терең мағына жатыр. Жастардың өз теңін тауып, ұнаған адамына сезімін білдіретін, татулық, шаруа, ынтымақ, сенім мен көңілдің мерекесінде осындай әдемі салтымызды жаңғыртуды мен қолдаймын! Бір-бірін қуантқан жастардың шынайы сезімдері мәңгі, өмірлері мәнді болары айқын.

**Сүлеймен САПАРХАН,**  
заң факультетінің 1-курс студенті

### ТАЗАЛЫҚ ПЕН АДАЛДЫҚТЫҢ АЙНАСЫ

«Селтеткізер» мен «Ұйқыашар» дәстүрлі қоғамымызда ерекше бағаланған. Дегенмен кеңес үкіметі «діншілдік» деп баға берген жылдар-ақ Наурыз мерекесіне тән кейбір дәстүрлер еріксіз сызылып, бірте-бірте санамыздан жойылып, ұмытылып кетті. Бұлардың орнын жаттанды түрде тойланып, жалған детке айналған бүгінгінің дәстүрлері басты. Бұл бәрімізге анық. Менің ойымша, жастарға берер мол тәрбиесі бар халықтың бай салт-дәстүрлерін қайта жаңғыртсақ, құба-құп болар еді. Телефон мен теледидарға шұқшимап, ай астында алтыбақан теуіп, ауылдың алты ауызын айтқанға не жетсін демекпін. Мен сүйген қызымды «Селтеткізіп», ол маған «Ұйқыашар» әзірлесе, шын ниет пен кіршіксіз сезімнің көрінісі болады емес пе? Бұл тазалықтың, адалдықтың айнасы іспеттес мөп-мөлдір салт. Қоғамымызға осындай ұяттың дәрежесін өсіретін ардақты дәстүрді жаңғырту керек. Олай болмаса, өз болмысымызды жоғалтып алатын тәріздіміз. Әр қазақ осы істі өзінен бастаса, жақсылықтың ауылы алыс емес.



**Дина БӨКЕБАЙ,**  
филология және әлем тілдері факультетінің  
1-курс студенті

Сүйе білсең, сырың негіз, мұн да құт,  
Ғашық биін бірге билер ырғалып.  
Көктем келді – бәйшешектер жайнады,  
Жүректерде сезім гүлі бұр жарып.

Жасыл желек, жайнаған гүл төр теуіп,  
Қыз біткенді жіберген бе ерке ғып!?  
Бозбаланың селт еткізер сезімін  
Бойжеткендер қабыл алар селт етіп!

Өмір – көңіл, күн мен түннің ұйқасып,  
Наурыз тойда шалқыған бір күй тасып.  
Думан басын бастағандай осы күн  
Жігіт біткен «Ұйқыашармен» ұйқы ашып.

Қазақ қыз бен қазақ жігіт тектірек,  
Мөлдір көздер қылыштан да өткір ед.  
Қыз-бозбала кимастықпен қарайды,  
Наурыз тойы бітпесе екен деп тілеп.

**Назерке ҚАДЫР,**  
филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті

### ТӘРБИЕЛІК МӘНІ ЗОР, АСТАРЫ ТЕРЕҢ


Сонау ықылым заманнан бері қазақта қанға сіңген әдет-ғұрып, салт дәстүр көп-ақ. Соның дені Наурыз мерекесі қарсаңында орындалып жатады. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы деп те айтуы да тегін емес. Әз-Наурызда үлкендер көрісу, жеті түрлі дәммен көже жасау, қазан көтеру жағында болса, жастар алтыбақан теуіп, қыз қу, аударыспақ сынды түрлі ойын-сауық құрады. Көктемгі гүлдей құлпырған қыздарға мереке қарсаңында жігіттер өз сезімдерін де білдірген. Сырбаз серілер түрлі өлең-жырлармен, әндермен әдемі жеткізе білген. Қыздар жағы қабыл алса «Ұйқыашар» әзірлеп ұсынған. Сондай-ақ жігіттер түрлі әшекейлер, айна, тарақ сыйға тартқан екен. Наурыз жастардың жарасып, шаңырақ көтеруіне жол ашады десек те болады. Байқап қарасақ, осы салттар арқылы жастар арсыз мінездерден аулақ болады. Қыздар өзіне тән биязылық пен ұяндықты керемет ұштастырады. Алдымен тәрбие, кейін мінез қалыптасатыны анық. Қазіргі таңда бұл салт-дәстүрлердің сақталмағаны өкінішті.



Бетті дайындаған: **Дана РУСЛАНҚЫЗЫ,**  
журналистика факультетінің  
1-курс студенті  
Студенттік баспасөз орталығы

# Я читаю книги # Я в тренде: об уникальном проекте КазНУ «100 книг»

Изречение великого французского писателя поэта, драматурга, философа-просветителя XVIII века Вольтера о том, что «читая авторов, которые хорошо пишут, привыкают хорошо говорить», и сегодня не теряет своей актуальности. Особенно оно актуально для студента-филолога, изучающего язык. Хотя процесс чтения сегодня существенно изменился. Если в прошлом веке ученые выделяли среди видов чтения такие как ознакомительное, просмотровое, художественное, изучающее, чтение на родном и иностранном языке (Е.Н.Соловова, Г.В.Рогова), то сегодня нам предлагают совершенно новый вид чтения – это чтение с экрана монитора, сканированное чтение. Могут ли они соперничать с традиционными видами чтения и сколь необходимо это соперничество – эта проблема исследования лингвистов, педагогов, врачей, психологов и библиотекарей. Однако тот факт, что чтение помогает лучше понять свой родной язык и изучить иностранный язык, является неоспоримым.



Как научить людей читать и любить книги? Стоит ли подразделять книги на «плохие» и «хорошие»? Сколько книг должен прочитать современный молодой человек? Ответы на эти и другие вопросы, связанные с книгами, можно получить на сайте Казахского национального университета имени аль-Фараби и на сайте библиотеки университета.

Как известно, в 2013 году в КазНУ имени аль-Фараби стартовал масштабный и амбициозный проект «100 книг, которые должен прочитать студент КазНУ». В разработке и составлении списка из 100 книг приняли участие студенты и преподаватели, администрация и сотрудники КазНУ, работники библиотеки университета. Данный проект, как и многие начинания университета, стал успешным началом популяризации книг и самого процесса чтения в современном молодежном социуме. Это лишний раз подтверждает статус КазНУ, который позиционирует себя как научно-исследовательский университет, создающий модель нового вуза – «Al-Farabi university – smart city».

Сегодня много говорят о том, что молодежь не любит и не приучена читать книги. Конечно, изменился и уровень читательской грамотности, и отбор книжных источников. Так, по информации <http://www.inform.kz/gi> крупнейшая в Казахстане сеть книжных магазинов «Меломан» продает около 100 тыс. книг в месяц и более миллиона в год. По мнению менеджеров магазинов в основном покупают популярную художественную литературу, книги по саморазвитию, популярную психологию, деловую литературу и книги для детей. В художественной литературе в основном переведенные на русский язык зарубежные произведения, как современные, так и классические. Средний возраст покупателей – примерно от 20 до 45 лет.

Клуб «Жас лингвист», функционирующий при кафедре общего языкознания и европейских языков и студенты специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» провели свой опрос среди студентов КазНУ. Респонденты должны были ответить на вопросы «Что я сейчас читаю» и «Книга, которая изменила мою жизнь». Опрос показал, что современная студенческая молодежь читает книги в традиционном формате и в электронных аналогах. Что касается выбора книги, то информанты предпочитают читать и классику, и книги популярных современных писателей, медийных персон, и представителей интернет-сообществ. Самыми частотными оказались ответы: «Шантарам» Дэвида Грегори Робертса, «Бегущий за ветром» Халеда Хоссейни. Не теряют своей популярности книги о Гарри Поттере, произведения Дэна Брауна, Поэло Коэльо. Среди казахстанских авторов популярными и востребованными остаются следующие произведения классиков отечественной художественной литературы: «Годы радости и любви» Азильхана Нуршаихова, «Ақиқат пен аңыз», «Абай жолы» Мухтара Ауэзова, «Көшпенділер», Ильяса Есенберлина. Как известно, исторический роман «Көшпенділер» как трилогия впервые был опубликован в 1976 году и был переведен на 30 языков, только на русском языке роман издавался 12 раз тиражом 1,5 млн. экземпляров. Особой популярностью пользуются поэтические сборники М. Макаева. По результатам эксперимента оказалось, что возрастающий интерес наблюдается у молодежи к книгам на иностранных языках. Так, студенты КазНУ, особенно будущие филологи, читают в оригинале произведения английских и американских классиков, например «Мартин Иден» Джека Лондона, «Гордость и предубеждение» Джейн Остина и др. Примечательно, что на иностранном

языке студенты предпочитают традиционную книгу и аудиотекст для лучшего понимания содержания и усвоения языка.

Клуб «Жас лингвист» проводит много различных мероприятий, посвященных чтению. Так, в рамках проекта «100 книг» 27 ноября 2017 года была организована акция «Я читаю книги # Я в тренде». Организаторами акции выступили члены клуба, магистранты специальности «Лингвистика» под руководством преподавателей кафедры общего языкознания и европейских языков Ж.К. Ибраевой и Г.А. Борибаевой. В организации акции приняли участие студенты 1 курса специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» факультета филологии и мировых языков и студенты 1 курса специальности «Библиотечное дело» факультета истории и археологии КазНУ. Необходимо отметить, что данное мероприятие стало хорошей традицией кафедры общего языкознания и европейских языков и клуба «Жас лингвист». Так, в 2016 году была проведена месячная акция «Читать книги – это модно» (подробнее: «Кітап оқу сәнді»: <http://massaget.kz/layfstayl/madeniet/44804>), где также принимали активное участие студенты, магистранты и преподаватели университета.

В этом году, как и в прошлом, организаторами акции был проведен Bookcrossing, фонд которого составили книги из личной библиотеки заведующей кафедры профессора Г.Б. Мадиевой, профессора кафедры Ж.К.Ибраевой.

Студенты, принимавшие участие в буккроссинге, отмечали, что представленные к обмену и подаркам книги были полезными и интересными. Студенты и сами смогли принести книги для обмена и порекомендовать сокурсникам книги для чтения. Так, студента 1 курса Анефия Ляззат посоветовала прочесть принесенный ей для обмена роман «Жизнь

без границ» Ника Вуйчича, который, по мнению девушки, учит жизненной стойкости, оптимизму и вере в будущее. А ее сокурсница Надежда Насирова предпочитает читать классику. Она предложила для обмена одну из своих любимых книг «Ярмарка тщеславия» У.Теккерера. Калиоллаева Акбота считает, что современным девушкам не помешают качества Скарлет – героини романа Маргарет Митчел «Унесенные ветром». В итоге акции все книги, выставленные на буккроссинг, нашли своего читателя. Большой интерес к акции проявили и преподаватели, которые в силу своей профессии всегда находятся на волне книжных новинок. Они смогли получить и обменяться монографиями, учебными пособиями по языкознанию, литературоведению, истории Казахстана и др.

Первокурсники отмечали, что уже успели записаться в библиотеку имени Аль-Фараби и оценить по достоинству ее библиотечный фонд. Библиотека университета включает в себя мультимедийную зону, зону работы с интернетом, зону для работы с графическими программами, зону работы с электронными ресурсами, зону для работы с личными ноутбуками. Особую гордость библиотеки и университета составляет Центр аль-Фараби, занимающийся изучением научного наследия просветителя и музей, рассказывающий о творчестве и жизненном пути великого ученого Востока.

Чтение книг – это увлекательное путешествие в прекрасный мир нового и неизданного, это получение опыта и обмен информацией.

**Ж.К. ИБРАЕВА,  
Г.А. БОРИБАЕВА,**  
преподаватели кафедры общего языкознания  
и европейских языков

**Кафедра биомедстатистики и доказательной медицины медицинского факультета – ВШОЗ КазНУ имени аль-Фараби совместно с Общественным фондом «Здоровье Семьи» провели семинар, приуроченный ко Всемирному дню борьбы с диабетом. Тема семинара – «Жизнь с сахарным диабетом». В качестве спикера была приглашена врач-психолог Анастасия Бельская (г.Санкт-Петербург). В семинаре приняли участие родители детей, страдающих сахарным диабетом 1 типа из Казахстана и Кыргызстана. Интерес аудитории вызвал не только профессиональный взгляд на тему семинара, но и тот факт, что Анастасия Бельская имеет установленный диагноз «Инсулинозависимый сахарный диабет». Основной идеей выступления А.Бельской стало убеждение «Сахарный диабет – не приговор!».**

## Сахарный диабет – не приговор!

Диабет – это нарушение обмена веществ, которое мешает организму нормально усваивать сахар. Для того, чтобы глюкоза поступала в клетки организма, нужен инсулин, вырабатываемый поджелудочной железой. При сахарном диабете углеводы не усваиваются клетками из-за полного отсутствия гормона инсулина или из-за того, что клетки не могут полностью использовать имеющийся в организме инсулин. При этом глюкоза остается в крови, а клетки организма начинают «голодать». Без введения инъекций инсулина сахар в крови будет постоянно повышаться. При сахарном диабете требуется постоянный контроль пациента за своим состоянием. Течение заболевания зависит от ряда факторов: от личностных особенностей, возраста, социальных условий, в которых находится человек, образа жизни пациента, его режима и характера питания, от физической активности, от реакции общества на заболевание.

В настоящее время ведущие специалисты в

области эндокринологии признают сахарный диабет «глобальной неинфекционной эпидемией». Согласно статистическим данным в последнее десятилетие численность больных увеличилась до 7% от всего населения планеты. Дети и подростки до 16 лет среди больных сахарным диабетом составляют 3-8%.

Актуальность семинара обусловлена тем, что в настоящее время в нашей стране не развита структура психологической помощи детям с сахарным диабетом 1 типа и их родителям на базе больниц и отделений эндокринологии. Особенно часто психологические проблемы, связанные с заболеванием, возникают у детей и подростков. Часто у больных возникает негативное отношение к заболеванию, к его терапии. При этом страдает структура самооценки, формируется «комплекс отличия» от здоровых сверстников. У детей и подростков ограничена нормальная активность, в связи с необходимостью контролировать сахарный диабет. Появляются сложности в социально-

психологической адаптации, возникает страх рассказать о диабете в компании друзей. Ребенок отдален, либо может быть настроен враждебно, либо становится застенчивым.

Заболевание накладывает ряд ограничений при выборе профессионального пути, что ведет к неопределенности в отношении своего будущего у молодых людей.

Участники семинара задали много вопросов, касающихся психологической стороны проблемы сахарного диабета – социальная адаптация детей в коллективе, а также необходимость занятий спортом, правильное питание и другие аспекты жизни.

Организаторы семинара получили массу положительных отзывов о проведенном мероприятии.

**Анар ДУШПАНОВА,**  
и.о. доцента кафедры биомедстатистики и  
доказательной медицины  
медицинского факультета

# Өнерлі өрге жүзер

**Көктем жер-ананың оянып, тіршіліктің қайта жандана түсетін керемет шағы. Осынау керемет шақта студенттік өмірдің сән-салтанатын көркейте түсетін, білімді жастарға ерекше шабыт сыйлап, жүректерге нұр құятын «Өнер әлемінің көктемі» атты «Студенттік көктем-2018» көркемөнерпаздар байқауының ақтық сайысы болып өтті.**



Фестивальді асыға күткен студенттер биылғы байқауға ерекше дайындықпен келген. «Студенттік көктем» байқауының гала-концертіне екі ай бойы іріктеу кезеңдерінен сүрінбей өткен 15 факультеттің жеңімпаздары қатысты. Жалпы көркемөнерпаздар байқауының бірінші кезеңіне 2000-ға жуық студент қатысып, олардың 700-ге жуығы іріктеу кезеңіне өтсе, 300-ден аса өнерлі өрен соңғы ақтық мәреде әділ-қазылар алқасының алдында өз өнерлерін паш етті. Мұнда өнерпаздар вокал, эстрада, әртүрлі халық биі, заманауи классикалық би, кешті жүргізу шеберлігі, ерекше өнер, авторлық шығармашылық сынды өнер түрлерінен бақ сынасты.

«Студенттік көктем – 2018» байқауында елімізге белгілі өнер жұлдыздарының қазылық етуімен жүлдегерлер анықталды. Байқаудың қорытынды гала-концертінде «Оза шауып бәйге алған» жеңімпаздар марапатталып, өнерлерін көрсетті.

ҚазҰУ студенттерінің қатысуымен өткен байқаудың тәрбиелік мәні өте зор. Ол жастарды өнерге, дарынын ұштай білуге, талантын таса

етпеуге шақыра отырып, оларды барынша қолдайды. Студенттер осы қалашықтың нағыз ақылды азаматтары екендігін көрсете білді. Жастар білім бәсекесі мен өнер додасында әрдайым алда жүретіндіктерін байқау арқылы шынайы дәлелдеп шықты деген әділ-қазылар алқасы өз өнерлерімен көпшілікті тамсандырған барлық факультет студенттеріне алғыстарын білдірді.

«Студенттік көктем-2018» байқауына қатысқан барлық жастардың жалыны сахнаға шыққан жүздері мен өнерлерінен айқын байқалып тұрды. Олардың өнерімен қоса мың құлпырған сахна тіпті әсерлі. Біресе ұлттық

нақышқа, енді бірде терең сырға жетелейтін көркем құбылыстағы түстер мен әсем табиғат бедерлерінен құралған экран сәт-сайын әуен ырағымен студент кимылы және мазмұнды өнеріне қарай құбылып тұрды. Көркем декорация келушілерге ерекше әсер сыйлады. Ал, талантты жастардың өнері көрерменнің басқа бір әлемде жүргендей әсерде қалдырғаны сөзсіз. Дүбірлі додада осы ерекшеліктердің бәрін ескерген әділ-қазылар алқасы әрбір факультеттің артықшылығын байқап, үздік тұстарын қалыс қалдырмады. Сонымен байқауда «Ең үздік вокал және эстрада» бойынша бірінші орынды биология және биотехнология факультеті, екінші орынды философия және саясаттану факультеті, үшінші орынды жоғары оқу орнына дейінгі білім беру және халықаралық қатынастар факультеті иеленді. Өнерлерімен тәнті етіп, байқауда ерекше көзге түскен студенттер «Ең үздік би», «Актерлік шеберлігі», «Ең үздік музыкалық аспаптарда ойнау» аталымдары бойынша да биіктен көрініп, факультеттеріне жеңіс әкелді. Ал жүлделі үшінші орынды механика-математика және IT технологиялар факультеті, екінші орынды тарих және шығыстану факультеттері, бірінші орынды химия және химиялық технологиялар факультеті иеленсе, бас жүлде – Ыстық көлге жолдаманы география және табиғатты пайдалану факультеті жеңіп алды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

## ОҚУШЫДАН ХАТ

### ӘЛЕМ ТІРЕГІ

**Қаншама өлеңдер, жырлар осы тақырыпта жазылды. Біреулер оны өмір мәніне, енді біреулер ең биік тау мен діңгекке теңеп, талқылап, өз ырқынан шығарған да, шығарар да емес. Маған да бей-жай емес бұл сезім, орны тым ерекше...**

Ол не істетпейді?! Ол қайда жүргізбейді?! Сол адамды ойлаумен атырған ұйқысыз таңдар, үнсіз жанармен тілдесу, көздерінің елендеп соны ғана іздеуі, осының бәрі – бар болғаны жай ғана сұю ме?! Қозы мен Баян, Төлеген мен Жібек, Ербол мен Ментай өткерген, жазушы, ақындарымыздың туындылары нені меңзейді? Бұл қандай сезім?

Уақытты тоқтату мүмкін емес дейсің бе?! Кеудесін махаббат кернеген адам жүрегі оттай тулап, лапылдап, бұрын-соңды сезбеген керемет бақыт сезіміне иланғанда, міне, секунд та, минут та, сағат та тоқтайды. Кішкене ғана бірге болған ыстық лебіз шағы әсем кербездік беретін сезім болар. Сол жаратылыс иесіне деген тамсану, одан шабыт алу, оның жанында сондай жылылық, қорған сезіну. Құдды бір бүкіл әлем саған күліп қарайтындай әсер алып, адамның жүрегінің жібуі, ақкөңілденіп мейірімге басуы. Дүниеден тәндесі жоқ өзгеше рақат сыйлайтын, ғалымдар ойлап таба алмайтын емнің нағыз өзі, жанға – дәрі, дертке – шипа. Махаббат адам жанын нұрмен өрнектеу деп білемін.

Әлгі, математика сабағынан өткен шектен шығып, қайта кірумен тенеңген, құштарлықпен қатар қорқыныш сезімі жүретіндей, кейде тітіркенішке басумен де кез боларсын. Бәлкім, ол мені сүймейтін шығар деген дақпырт сезімге бой алып, сол адамға шүбә келтіру, сол адамды сүйе тұра қызғандыру, сол арқылы мақсатыма жетемін деп ниеттену. Бірақ, сезімнің өзегінді өртеп жатса да, тіс жармай.

Кейде махаббаттың жеккөріністілікке ұласып, адам сезінетін барлық сезімдерінің мәреге тұрып жарысуы болар. Қарапайым магнит те тартылумен қоса тебілуді де біледі емес пе?! Бұл сезімді жоғалтып қатуланғандар, махаббаты көмескі тартқан адамдар сезімге сенімін жоғалтса, азып-тозады. Егер бұл сезім күшін жоғалтса, ол адамның өзінен деп білемін. Себебі, бұл ұлылық гүл сияқты күтімді қажет ететін нәзіктік талғам мен ақыл саралайтын таңдау емес, жан қалауы.

Қорыға келе, қанша алабұртып қалғанмен де, ақылға салғанмен де өмірді жүрекке бұйыру мүмкін емес екенін түсіндім. Себебі, махаббат сені ұмтылысыңмен дегбіріздендіреді. Әлем – махаббаттан нәр алады. Осы бір құдірет тәніп тұрған көк бастау бауырындағы көк пірім көлдей.

Ұлы Жартатушы адам бойына ақыл-ой, парасатпен бірге осы ұлы сезімді де сыйға тартты. Өмірдің ұлығы мен бегі осы бір жарықтық сізде бар болса, оны қадірлеп ұстауыңызды қалаймын!

Мадина СЕРІК,

Алматы қаласындағы №178 лицейдің 11«г» сынып оқушысы

## НАУКА И ТВОРЧЕСТВО РЯДОМ

**В условиях утверждения гуманистической парадигмы в образовании в качестве самой большой ценности признается свободная, развитая и образованная личность, способная жить и творить в условиях постоянно меняющегося мира. Творческий потенциал, развитый в студенческие годы, может стать прочной основой личности любого специалиста. Важным условием достижения этой цели является создание творчески вариативной, и в тоже время, насыщенной различными видами деятельности, полноценной образовательной среды вуза.**

педагогического наставничества и усилены воспитательные функции эдвайзеров, теперь называемых кураторами-эдвайзерами. Активизируются клубные формы работы со студентами. Сегодня в КазНУ функционирует 374 клуба и кружка.

Активно осуществляется разработка программ и проектов социально-воспитательной направленности: в целях вовлечения в процессы социальной модернизации страны и развития творческой составляющей личности субъектов образовательного процесса – проект «Айналанды нұрландыр!»; для повышения культурного и образовательного уровня студентов и приобщения их к чтению литературы – проект «100 кітап», в целях привития молодежи культуры здорового образа жизни – проект «Кульг здорового тела» и др.

Каждый обучающийся в КазНУ может найти программу и проект по своему вкусу и притязаниям. Так, в поддержку мировых экологических инициатив организовано движение «Зеленый мост через поколения», составной частью которого является реализация проекта «КазНУ – Гринкампус». Ко Дню Первого Президента Республики Казахстан с 2013 года проводится ежегодный республиканский патриотический фестиваль студенческой молодежи «Мен жастарға сенемін!».

Кафедра педагогики и образовательного

менеджмента при факультете философии и политологии КазНУ также не остается в стороне от университетских традиций. Внеучебная деятельность, в том числе социально-воспитательная, волонтерская, просветительская и др. нашли широкое отражение в работе клубов, обществ и кружков кафедры: студенческое научное общество «Логос», творческий клуб «Шабыт», волонтерский клуб «Үміт сәулесі», кружок «Эмпатия», научно-исследовательское объединение магистрантов «Школа молодого ученого» и др.

На базе научных школ кафедры, на постоянной основе работает студенческое научное общество «Логос». Студенты, закрепленные за кафедрой, участвуют в различных научных конференциях и являются активными участниками конгресса «Әл-Фараби әлемі», традиционно проводимого в университете в апреле каждого года. Студенты проходят мастер-классы и лидерские лекции видных ученых и общественных деятелей, авторские курсы приглашенных из ближнего и дальнего зарубежья маститых профессионалов сферы образования и науки. Также они участвуют в обсуждении сложнейших психолого-педагогических и социально-психологических проблем в рамках Школы молодого ученого, методологического семинара кафедры, что дает возможность в короткий промежуток времени получить большой объем новой информации,



направленной на повышение уровня развития компетентности будущего специалиста.

Все эти программы и проекты, несмотря на определенную нацеленность, в целом формируют социальную активность, способность адаптироваться к новым ситуациям, выстраивать профессиональные установки и карьерные траектории, развивают креативность и лидерство. Разве не эти качества определяют путь личности к успеху?

А.С. МАГАУОВА,

д.п.н., профессор,

Г.А. ҚАСЕН,

к.п.н., и.о. профессора

кафедра педагогики и образовательного менеджмента

**30 наурызда Әл-Фараби атындағы кітапханада «Инфекциялық ауруларды алдын алу» тақырыбына арналған ғылыми тәжірибелік конференция өтеді**

Жалғасы. Басы 1-бетте

# НАУРЫЗ ТОЙЫ КЕЛГЕНДЕ



Орта Азия мен Еуропаның бірнеше елдерінен білім іздеп келген жастар да қазақтың бас мерекесін атап өтуге атсалысты. Өз ұлтының төл мәдениетін сақтай отырып, ұлттық нақыштағы киімдерімен мерекеге келген түрлі ұлттың жастарына қарап, Қазақстанның татулық пен ынтымақтастықты ту етіп ұстап, тілі де, діні де, қаны да бөгде жұртпен бірлікте күн кешуге жасап отырған ықпалы – қонақасын бермейінше бұйымтайын сұрамайтын қазақтылықтың белгісі екеніне көзің жетеді.

Жапония елінен келген, бүгінгі таңда ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында білім алып жатқан Такуро Оучи былай дейді: «Мен Наурыз мерекесінің парсы халықтарына кең тарағанын білетінмін. Ал мейрамның қалай тойланатынына алғаш рет куә болып тұрмын. Маған Наурыз мейрамы өте қатты ұнады, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлердің біразымен танысып шықтым. Бүгін ұлттық тағам Наурыз көжеден алғаш рет дәм таттым. Дәмі ерекше екен».

Ал Корей елінен келген аталмыш факультет білімгері Шин Мин Хи ұлттық тағамдардың ерекше дәмді екенін айтты: «Мен ҚазҰУ-да білім алып жатқан уақыт аралығында қазақтың ұлттық тағамдарынан дәм татып үлгердім. Солардың ішінде маған ұлттық тағамдар бауырсақ пен құрт, асылған ет өте қатты ұнайды. Бүгін Наурыз көжеден алғаш рет дәм таттым, дәмі өте ерекше екен және байқағаным – Наурыз көженің құрамына кіретін кейбір өнімдерді Корей халқы да күнделікті өз тағамдарына жиі қолданады».

Ұлттық киімдерін киіп, Наурыз тойына бастан-аяқ қатысқан журналистика факультетінің Ауғанстаннан келген студенттері де өз пікірлерімен бөлісті. Ауған ұлтының өкілі, журналистика факультетінің 1-курс студенті Насратулла Табан: «Маған Наурыз мерекесі қатты ұнайды. Осынау тамаша мерекені мен екінші рет қарсы алудамын. Ұлттық киімдер, тағамдар, ашық-жарқын адамдар – бәрі де көңілге ерекше жылулық сыйлайды. Жалпы, ауған халқы мен қазақ халқының арасында тылсым бір байланыс, ұқсастық

бар. Бізді сыртқа теппей, қолынан келген көмегін тигізіп жүрген қазақ бауырларға алғыс айтамын!» – деп тебірене сөйледі. Табанның досы Чаманали Мирзани де: «Наурыз біздің университетімізде тамаша тойлануда. Ұлттық дәстүр аясында қаншама ұлт өкілдерінің басы бір шаңырақта тоғысып, бір дастарханнан дәм татып, бір-бірімен жақын сөйлеседі. Маған Наурыз мерекесі сонысымен ұнады. Ал наурыз көже, қымыз, шұбат, құрт, ет секілді қазақ ұлтының ас мәзіріндегі тағамдарын қайта-қайта жей бергім келеді», – дейді.

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультетінің білімгері, түрік ұлтының өкілі Акман Исмед Альпер туыс екі ел арасындағы Наурыз мейрамының тойлану барысына тоқталды: «Наурыз мейрамы Шығыс халықтарында кеңінен аталып өтіледі. Түркияда Наурыз мейрамы жыл сайын тойланады. Дастарханға боялған жұмыртқа мен бидай өсіндісі, балауыз шамдар және ұлттық тағам – сумалық қойылады. Барлық адамдар күйбең тіршіліктен бір сәт босап, мейрамды отбасының қасында атап

өтуге тырысады. Бүгін туыстас қос ел арасында көптеген ұқсастықтар бар екендігіне көзім жетті. Сондықтан да мен Қазақстанда өз үйімде жүргендей сезінемін».

Корей, Қытай, Ауғанстан, Үндістан және басқа батыс елдерінен келген студенттерге де ұлық мереке өте жақсы әсер етті. Әсіресе, наурыз көже барлығының көңілінен шықты. ҚазҰУ-дағы биылғы Наурыз тойы мұнымен аяқталмақ емес, бұл – ұлы тойдың бастамасы.

Табиғат қана емес, адамдар да өз тіршілігін жаңартып, өзгертуге, рухани толысуға, жақсылыққа ұмтылатын, қыстан аман-есен шыққанына таубе айтып, үлкен үмітпен болашаққа көз тастайтын, жақсылық пен ізгіліктің бастауы болған Наурыз мейрамы барша қазақстандықтардың өміріне жана тыныс әкеліп, шуақты нұрына бөлегей.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА,  
Әділет МӘДЕНИЕТ

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы  
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 8 (727) 273-12-04

**Бағасы келісім бойынша.**  
**Таралымы 1000 дана**  
**Тапсырыс: №3047**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.